



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ТУРИСТИК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ**Мұрат Әзімбек Жәнібекұлы***azimbek9697@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, көлік-энергетика факультеті,

«Стандарттау және сертификаттау» кафедрасы студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Б.У.Байхожаева

Туризмді дамыту белгілі бір табиғи және әлеуметтік ортада жүзеге асырылады, және ол оның нәтижелеріне шешуші әсер етеді. Бұл әсер әрдайым қолайлы бола бермейді. Физикалық және әлеуметтік сипаттағы қызметтер туризм индустриясының субъектілерін ескеруі керек. Сонымен қатар, ол туристік қызметтердегі қауіп-қатерді азайтуға және де алдын алуға бағытталуы тиіс.

«Қауіпсіздік» және «сапа» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты екені белгілі. Қауіпсіздіксіз ұсынылған қызмет көрсету сапасы тиісті түрде қамтамасыз етілмейді. Сонымен бірге, жоғары сапа стандарттарына және қызмет көрсету процестерінің сапасын бақылауға сенімді болмау олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, жеке қауіпсіздіктің сенімді кепілдіктерін құру, сондай-ақ азаматтарға жоғары сапалы және қауіпсіз қызмет көрсетудің әлеуметтік заңдылықта адамның лайықты өмір сүруіне және еркін дамуына қажетті жағдайлар жасау мақсатында құрылған [1].

Туризм индустриясы объектілерінің классификациясы мен стандарттары туризм саласындағы қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады. Туризм көбінесе қызмет көрсету саласы екенін ескере отырып, мұнда техникалық реттеу негізінен туристік нарық қатысушылары ерікті негізде қолданатын стандарттар (ұлттық стандарттар) болып табылады. Сонымен бірге, туризм саласындағы қызметтердің қауіпсіздігі өрт қауіпсіздігі ережелерін, ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздік стандарттарын, санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді және техникалық регламенттердің бөлігі болып табылатын басқа да міндетті талаптарды сақтамай және қолданылмай сапаны қамтамасыз ете алмайды. Туризмдегі стандарттаудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар қауіпін ескере отырып, азаматтардың өмірі мен денсаулығының, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, мемлекеттік және жеке мүлікті, объектілердің қауіпсіздігін, жануарлар мен өсімдіктердің өмір сүру және денсаулығының қауіпсіздік деңгейін арттыру;

- туристік саладағы ұйымдарының қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын қамтамасыз ету;

- техникалық регламенттер талаптарына сәйкес көмек көрсету және т.б [2].

Еліміздегі барлық туризм индустриясы төрт негізгі мемлекеттік стандартқа негізделген:

1. ҚР СТ 1142-2002 «Туристік-экскурсиялық көрсетілетін қызметтер. Терминдер және анықтамалар»

2. ҚР СТ 2851-2016 «Туристік-экскурсиялық көрсетілетін қызметтер. Қонақ үйлер. Жалпы талаптар»,

3. ҚР СТ 3.7-2016 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Туристік-экскурсиялық көрсетілетін қызметтердің және туристерге орналастыру орындарын ұсыну жөніндегі қызметтердің сәйкестігін растау тәртібі»

4. ҚР СТ ГОСТ Р 50690–2010 «Туристік көрсетілетін қызметтер. Жалпы талаптар».

Осы стандарттарда туристік-экскурсиялық көрсетілетін қызметтердің міндетті талаптары жазылған. Әрбір стандарттар әртүрлі құрылымға ие және олардың әрқайсысын

зерделенгеннен кейін ғана әрбір туристік ұйым үшін қолданылатын кейбір жалпы ережелерді көрсетуге болады:

- туристің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- туристке берілетін ақпараттың анықтылығы;
- туристік компаниялардың демалыс үшін ұсынылатын өңірлері қорша-ған ортаға зиян келтірмеуі және денсаулыққа қауіпсіз болуы тиіс;
- туристік ұйым қызметкерлерінің жоғарға кәсіби даярлығы [3].

Туризм саласындағы жаңа буынға арналған ұлттық стандарттарды әзірлеу және қабылдау туризмді құқықтық реттеудегі жетілдірудің негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Ұлттық стандарттарды қабылдау, сондай-ақ саладағы тұжырымдамалық аппараттарды сәйкестендіруге ықпал етеді. Туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру барысында азаматтардың демалысқа, жүріп-тұру бостандығына және саяхаттау кезінде басқа да құқықтарына шек қоймауы керек. Туризмді тиімді құқықтық реттеу осы қызмет көрсетудің кешенді тәсілімен қамтамасыз етіледі. Ұсынылатын қызметтер қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келуі керек және де олардың сапасы халықаралық стандарттарға сай болуы қажет. Осылайша, ұлттық стандартты қолдану арқылы туристіктің қауіпсіздік деңгейін едәуір жақсартуға қол жеткіземіз [4].

ҚР СТ ГОСТ Р 50690–2010 «Туристік көрсетілетін қызметтер. Жалпы талаптар» стандартына толықтыру енгізу қажет деп ойлаймын. Оны қолданудың тәртібі туралы, Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» заңының 46-бабының талаптарын ескере отырып ұлттық стандарт ережесін қолданудың міндетті тәртібін белгілеуге болады. Бұл бір жағынан туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде ұлттық стандарттауды пайдалануды біріктіреді, ал екінші жағынан - нормативтік деңгейде туристік өнімнің жеткізушілерін туристік қауіпсіздіктің белгіленген деңгейін сақтауды міндеттейді[3].

Туристік қызметтердің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты құру тұрғысында, бірінші кезекте мақсатты бағытталған жарнамалық және ақпараттық іс-әрекеттерді қосу мақсат тұтылады. Тек негізгі туристік нарыққа бағытталған, сауатты жасалынған маркетингтің стратегиясы, барлық туризм саласындағы ең табысты туризмді жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, туристер келген кезде қауіпсіздіктің қолайлы деңгейімен қамтамасыз етілмейтін болса маркетингті қоса алғанда, барлық күш-жігер пайдасыз болады. Сондықтан туристің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірінші және негізгі аспектісі - туристік кәсіпорын мен туристің арасындағы барлық қызметтерге келісімшарттың болуы, оның ішінде тұтынушының демалыс өңірі, тасымалдаушы, туроператорлар, қонақ үйлер, экскурсиялық бюролар, азық-түлік пункттерімен, Қазақстан елшіліктерімен аккредитациядан өткен келісім-шарттар негізінде сапалы және қауіпсіз түрде ұйымдастыруға міндеттеледі.

Қорытындылай келгенде «Туристік қызмет сапасы мен қауіпсіздік мәселесі» тақырыбын қарастыра келе: туристердің қауіпсіздігі, олардың тұрмыс жағдайы, сондай-ақ туристік бағыттарда қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз ету міндетін туристерді қабылдаушы елдің жалпы қоғамдық немесе ұлттық мүдделерден бөлек қарастыра алмайтымызға көз жеткіздік.

Тек маркетингтік жұмыстарды дұрыс құру, оларды сәйкесінше стандарттармен сертификаттау, сонымен қатар туристік инфрақұрылымды жетілдіру және дамыту арқылы елімізге келетін шетелдік туристердің санын айтарлықтай өсіруге қол жеткіземіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дурович А.П., Кабушкин Н.И., Сергеева Т.М. «Организация туризма». – М.: Новое знание, 2003–632 с.
2. Дехтярь Г.М. «Лицензирование и сертификация в туризме». – М.: Финансы и статистика, 2005–256 с.
3. ҚР СТ ГОСТ Р 50690–2010 «Туристік көрсетілетін қызметтер. Жалпы талаптар»

ӘӨЖ 006:002

АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ БІЛІМ ЕРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Ниязбекова Айдана Ерболатқызы, Аманжолова Мадина Қуатқызы

dizas-6@bk.ru

«Стандарттау, сертификаттау және метрология»

мамандығының студенттері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі - А. К. Хаймулдинова

Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттың технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды негіздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу»-делінген [1].

Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Соның бірі-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқу үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады [2].

Қазіргі таңда білім жүйесінің барлық саласы компьютерленген сондай-ақ, ақпараттандыру тәсілінің тиімді жетістіктерінің бірі-интерактивті тақтаның қолданылуы көп мүмкіндікке жол ашуда. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз. [3].

Соңғы кезде білім беруде АКТ пайдалану бағыттары табысты дамып келеді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның инновациялық құралдарын қолдануда оқытудың тек қана формасы мен әдісі өзгеріп қана қоймайды, сонымен бірге оқу үрдісін жаңаша басқару және қадағалау әдістерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

И.В.Роберт ақпараттық технологиялар орталарын пайдаланудың келесі педагогикалық мақсаттарын анықтайды.